



**Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қараша N 1491

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп 2002-2007 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобаларын дайындау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу

мақсатына арналған қаражатты республикалық бюджетке енгізу жөніндегі ұсыныстарды Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияның қарауына енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 19 қарашадағы  
N 1491 қаулысымен  
бекітілген

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу туралы

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасында астық жинайтын комбайндарды бірлесіп жасау және одан әрі оларды сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 376 P010376\_ және "Ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастырудың 2001 жылға арналған ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 29 наурыздағы N 405 P010405\_ қаулыларына сәйкес жасалған Несиелік келісімдерге сәйкес (бұдан әрі - Несиелік келісім) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині) бөлген жалпы сомасы 1 188 700 000 (бір миллиард бір жүз сексен сегіз миллион жеті жүз мың) дейінгі теңге, 85 "Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз ету" (бұдан әрі - Лизинг) бюджеттік бағдарламасы бойынша "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 қаулысымен көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейді. <\*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.23. N 87 қаулысымен. P020087\_

2. Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу 42 "Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылық техникасының лизингі бойынша сыйақылар (мүдде) ставкасының орнын толтыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 P001950\_ қаулысымен көзделген және 2002-2007 жылдарға арналған республикалық бюджетте көзделетін лизинг бойынша сыйақылар (мүдде) ставкасын өтеу мақсатына арналған қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен жүргізіледі.

3. Уәкілетті ұйымдарға лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуді осы Ереженің 4-тармағына сәйкес Уәкілетті ұйымдардан өндірілетін шығыстарды өтеу жолымен (бұдан әрі - Уәкілетті ұйым) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету үшін "Ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастырудың 2001 жылға арналған ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 405 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Әкімші) жыл сайын жүргізеді.

4. Лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ретінде Әкімшіден жыл сайын қаражат бөлу үшін, Уәкілетті ұйым оларды жыл сайын өтеу есебінен, несиенің бір бөлігін төлеу сәтіне несиелік келісімге сәйкес Қаржыминінің жылдық сыйақысы немесе оның игерілген бір бөлігі бойынша республикалық бюджетке жыл сайын бір жолғы немесе бөліп-бөліп төлеуді қамтамасыз етеді.

5. Уәкілетті ұйымдарға Әкімшінің қаражат бөлуі Қаржыминінің тиісті жылдық

сыйақысын немесе оның бір бөлігін Уәкілетті ұйымның Несиелік келісім бойынша республикалық бюджетке төлегендігі туралы деректі растайтын құжаттарды Әкімшіге берген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қаржыминінің сыйақысын Уәкілетті ұйымның осы Ереженің 4-тармағына сәйкес жүргізілетін төлем сомасының тең көлемінде жыл сайын жүргізіледі.

6. Әкімші тоқсан сайын Қаржыминіне есепті тоқсаннан кейінгі айдың

онына дейінгі мерзімде Уәкілетті ұйымдардың республикалық бюджетке Қаржыминінің сыйақысын аударғаны туралы және Әкімшінің лизинг бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтегені туралы ақпаратты жібереді.

7. Уәкілетті ұйымдарда осы Ереженің орындалуын бақылауды Әкімші жүзеге асырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.